

**2014 жылғы I жарты жылдыққа арналған әлеуметтік-педагогикалық
бөлімнің есептемесі**

1. 008 «Білім беру жүйесін методологиялық қамтамасыз ету» 101 «Білім беру жүйесін методологиялық қамтамасыз ету және білім беру қызметтерінің сапасын талдау» бюджеттік бағдарлама аясындағы 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 19 келісім-шартты орындау мақсатында әзірленді:

Барлығы 4 әдістемелік нұсқаулар әзірленді.

1) «Балалар сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтар үшін балалардың жазғы демалысы бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар» (128 бет., наурыз).

Әдістемелік нұсқаулар балаларды сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтар үшін балалардың жазғы демалысы бойынша бағдарламалар әзірлеу жөніндегі материалдарды қамтиды.

Әдістемелік нұсқаулар тәлімгерлерге, әдіскерлерге, ұйымдастырушы-педагогтерге, қосымша білім беру педагогтеріне ұсынылады.

2) «Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық ұйымдары қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар» (128 бет., наурыз).

Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық ұйымдары қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар Балалар қоғамдық ұйымдар қызметін ұйымдастырудағы педагогикалық тәжірибені толық ашады.

Әдістемелік нұсқаулар Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық қозғалысының үйлестірушілеріне, ұйымдастырушыларына, сондай-ақ балалар қоғамдық ұйымдарының мәселелеріне көңіл бөлетін оқырмандардың көпшілігіне ұсынылады.

3) «Балалар сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтарға арналған балалардың жазғы демалысы бойынша авторлық бағдарламалар жинағы» (136 бет., сәуір).

Жинақта балалар сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтарға арналған балалардың жазғы демалысы бойынша авторлық бағдарламалар жинағы қамтылған.

Жинақ тәлімгерлерге, әдіскерлерге, ұйымдастырушы-педагогтерге, қосымша білім беру педагогтеріне ұсынылады.

4) «Жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың қызметін ұйымдастыру» (128 бет., сәуір).

«Жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың қызметін ұйымдастыру» әдістемелік нұсқаулары тұлғаны патриоттық және азаматтық тәрбиелеу мақсатымен клубтар қызметін ұйымдастырудың инновациялық әдістерін ашады.

Әдістемелік нұсқаулар әскери-патриоттық клубтардың жетекшілеріне, жалпы орта мектеп және мектептен тыс ұйымдарда балаларға қосымша білім беру жүйесінің педагогтарына арналған.

2. 010 «Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстар, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарлама аясындағы 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 19 келісім-шартты орындау мақсатында іс-шаралар өткізілді:

1) «Алау» әскери-спорттық ойынының республикалық ақтық кезеңі (Ақмола облысы, Щучье қаласы, 2014 жылғы 24-27 маусым).

Ойынның мақсаты: өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу және олардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыру.

Ойынның міндеттері:

ойын әрекеті негізінде оқушылардың бастамашылдығын және дербестігін дамыту;

салауатты өмір салтын қалыптастыру және қолданбалы спорт түрлерін насихаттау;

өңірлерде өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру және белсендіру;

командалар арасында ынтымақтастық пен достықты нығайту.

Ойынның ақтық кезеңіне облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өткізілген іріктеу турларының жеңімпаз командалары қатысты. Қатысушылардың жалпы саны – 160 адам.

«Алау» республикалық әскери-патриоттық ойынның ақтық кезеңі Ақмола облысының Щучинск қаласындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусының базасында өткізілді.

Жарыста төрешілер құрамы жұмыс жасады, олардың құрамына республикалық үйлестіру кеңесінің мүшелері, Ақмола облысы білім баққармасының бөлім жетекшісі, Кадет корпусының әскері қызметінің басшылары (әскери атақ: подполковник, капитан, аға сержант), сонымен қатар Щучинск қаласындағы № 8 мектеп-гимназиясының алғашқы әскери дайындық оқытушысы кірді.

Ұйымдастырушылар мен төрешілер құрамы Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының әскери-патриоттық клубтарының дайындықтарын жоғары деңгейде бағалап, атап өтті.

Жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ойынға қатысушылардың барлығына сертификаттар тапсырылды.

3. Балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан және сырттай байқаулар ұйымдастырылды:

Барлығы 7 қашықтықтан өткізілетін іс-шаралар әзірленді.

1) Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақ мүшелерінің арасында қашықтықтан өтетін «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында Республикалық педагогикалық олимпиада (Астана қаласы, 20 қаңтар – 20 ақпан).

Мақсаты – каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру қызметінің сапасын және тиімділігін арттыру, Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақтардың қозғалысын жетілдіру және қолдау көрсету.

Міндеттері:

еліміздегі балалардың демалыс лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтардың арасында тәжірибе алмасу және оқып үйрену алаңын құру;

тәлімгерлер, педагогикалық оқу орындарының студенттері, сондай-ақ мектеп педагогтерден құрылған топтардың ең тиімді түрі ретінде құндылық жүйесіне ие болған Қазақстандағы педагогикалық жасақтардың қозғалысын насихаттау;

балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру түрі ретінде педагогикалық жасақтардың қозғалысына оң көзқарасты құру;

сауықтыру лагерьлердің жағдайында балалар мен жасөспірімдердің әр түрлі қызметтегі тәжірибелік дағды мен біліктерін қалыптастыру арқылы педагогикалық жасақтардағы бұқаралық тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру түрін жетілдіру;

педагогикалық жасақтармен, тәжірибелі педагогтермен тәжірибе сабағын, шеберлік-сыныбын, шығармашылық тәжірибе, тренингтер өткізу арқылы педагогикалық жасақтардың қозғалысына қатысушылардың тұлғалық қабілеттерін кәсібилікпен байланыстыруды дамыту;

Қазақстандағы оқу орындары мен педагогикалық жасақтардың арасында кәсіби байланысты нығайту және дамыту.

Республикалық педагогикалық олимпиадаға Қазақстан Республикасындағы педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары, балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылар қатысты.

Олимпиадаға жалпы **270** жұмыс түсті. Олимпиадаға 270 жұмыстың барлығы жіберілді. Олимпиадаға жіберілген жұмыстардың ішінен:

«Эссе» номинациясы бойынша «Балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылар» санаты – 44 педагогтер, оның ішінде 28 қазақ, 16 орыс тілдерінде;

«Педагогикалық ЖОО» санаты - 54 студенттер, оның ішінде 34 қазақ, 20 орыс тілдерінде;

«Педагогикалық колледждер» санаты – 172 білім алушы, оның ішінде 125 қазақ, 47 орыс тілдерінде.

Олимпиаданы ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Ақмола облыстарындағы қатысушылардың байқауға жіберген жұмыстарының жоғары деңгейлігін атап өтті.

Педагогикалық олимпиадасының I айналымда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердің дипломдарымен, бағалы сыйлықтармен педагогикалық жасақтар мен жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арналған республикалық слетте марапатталды. I айналымда қатысқан қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберілді.

2) Педагогикалық олимпиаданың II айналымы Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың республикалық слеті 2014 жылғы 12-15 наурызда Ақмола облысы, Щучье қаласы, «Балдәурен» РСО РМҚК базасында өткізілді.

Колледждер мен жоғары оқу орындарының үздік педагогикалық жасақтарын және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушыларды оқыту, олардың ортасында тәжірибе алмасу алаңдарын құру **мақсатында** Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың

республикалық слеті 2014 жылғы 12-15 наурызда Ақмола облысы Щучье қаласындағы «Балдәурен» РОСО РМҚК базасында өткізілді.

Міндеттері:

1) сауықтыру лагерьлерінде балалардың әр түрлі қызметтегі тәжірибелік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

2) каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату;

3) педагогикалық жасақтардың балалармен бірге жыл бойына істеген жұмыстарын талқылау;

4) студенттік педагогикалық жасақтар, тәжірибелі педагогтермен тәжірибе сабақтар, шеберлік сыныптар, шығармашылық шеберханалар, тренингтер өткізу.

Слетке педагогикалық олимпиаданың I айналымының жеңімпаздары мен Қазақстан Республикасындағы колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатысты. Қатысушылардың жалпы саны - **121**.

Бағдарламада слеттің салтанатты ашылуы, педагогикалық жасақтардың тұсаукесерлері, шығармашылық шеберханалар, шеберлік сыныптар, байқаулар, дөңгелек үстел, ойын батлдары, тәжірибелік сабақтар, тренингтер өткізу және мәдени бағдарлама қарастырылды.

Слеттің аясында білім беру ұйымдарының қызметтерін кеңінен ашып көрсететін жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жөніндегі (қызықты тәжірибе, әдістемелік нұсқаулар, фотосуреттер, портфолио) материалдардан құралған «Тәлімгерлік жаз» (үздік көрме) әдістемелік материалдардың республикалық көрмесі өткізілді.

Слеттің жабылу салтанатында жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды, барлық қатысушыларға сертификаттар тапсырылды. Қазылар алқа мүшелері, педагогикалық жасақтардың жетекшілері, шебер-сыныптарын өткізген педагогтер алғыс хаттармен марапатталды.

Слетті ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы барлық педагогикалық жасақтар дайындығының жоғары деңгейлігін атап өтті.

Слетке Астана қаласы және Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан басқа Қазақстанның 13 өңірлерінен қатысушылар қатысты.

3) Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Менің мектептегі мұражайым» тақырыбында сырттай байқау (Астана қаласы, 31 наурыз – 26 сәуір).

Мақсаты: білім алушыларды мектеп мұражайының жан-жақты қызметіне қатыстыру арқылы мұражай педагогикасын дамыту, өскелең ұрпаққа педагогикалық әсер етудің түрлерін, әдістерін және мазмұнын жетілдіруге ықпал жасау.

Міндеттері:

білім ұйымдарында мұражай қызметін насихаттау;

балалар шығармашылығын дәріптеу;

білім алушыларды Отанын, туған өлкесін, Қазақстанда тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сүйеге тәрбиелеу;

тарихи ескерткіштерге, мәдениетке және табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру;

дарынды балаларды анықтау және қолдау.

Сырттай байқауға Қазақстан Республикасындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы 7-11 сынып білім алушылары қатысты. Байқауға барлығы **105** жұмыс түсті. Байқаудың қазылар алқасы **12** жеңімпазды анықтады.

Байқау жеңімпаздары тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталды. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберілді.

4) Жалпы білім беретін мектептер мен балалар сауықтыру лагерлері тәлімгерлерінің арасында қашықтықтан өткен «Жайдарлы жаз - 2014» тақырыбында Республикалық байқау (Астана қаласы, 24 ақпан – 21 сәуір).

Мақсаты – жазғы демалыс кезінде балаларды демалдыру, сауықтыру үшін тиімді жағдайды және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін жаңа инновациялық бағдарламалар, әдістер және технологияларды анықтау.

Міндеттері:

білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға, оны жетілдіруге ұмтылған педагог қызметкерлер мен шығармашыл ұжымдарды анықтау және оларға қолдау көрсету;

балалардың демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибелерді тарату;

балалардың демалысы мен сауықтыру жүйесіндегі инновациялық әлеуеттерін нығайту;

балалардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша бағдарламалық-әдістемелік деректер базасын қалыптастыру.

Республикалық байқауға Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларды сауықтыру лагерлерінің тәлімгерлері қатысты.

Байқауға жалпы **20** жұмыс түсті. Байқауға 20 жұмыстың барлығы жіберілді. Байқауға жіберілген жұмыстардың ішінен:

«Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша авторлық бағдарламалар» номинациясында – 7 педагог, оның ішінде 6-ы мемлекеттік, 1-і орыс тілдерінде;

«Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету» номинациясы бойынша – 13 педагог, оның ішінде 6-ы мемлекеттік, 7-і орыс тілдерінде.

Байқауды ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы Астана қаласы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарындағы қатысушылардың байқауға жіберген жұмыстарының жоғары деңгейлігін атап өтті.

Байқау жеңімпаздары тиісті дәрежелі дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберілді.

5) Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында қашықтықтан өткен «Менің Отаныма 10 игілікті іс» тақырыбында Республикалық акция (Астана қаласы, 20 ақпан – 28 сәуір). Акция Жеңіс күніне арналды.

Мақсаты – ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

балаларды қоғамдық маңызды іске жұмылдыру;

балалардың қоғам үшін маңызды жұмыстарды өз бетімен іздеу дағдыларын қалыптастыру;

жаңа ақпараттық технологияларды насихаттау.

Республикалық акцияға Қазақстан Республикасындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы 12 жастан 18 жасқа дейінгі білім алушылар қатысты. Акцияға жалпы **60** жұмыс түсті, оның ішінде 13 жұмыс акцияның талаптарына сәйкес емес. Акцияға 47 жұмыс жіберілді. Акцияға жіберілген жұмыстардың ішінен:

«Электрондық презентация» номинациясы бойынша

12-14 жастағы орта буын - 17 жұмыс;

15-17 жастағы жоғарғы буын - 18 жұмыс.

«Бейнеролик (бейнеклип)» номинациясы бойынша

12-14 жастағы орта буын - 5 жұмыс;

15-17 жастағы жоғарғы буын - 7 жұмыс.

Акцияны ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Маңғыстау, Жамбыл облыстарындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың акцияға жіберген жұмыстарының жоғары деңгейлігін атап өтті.

Акция жеңімпаздары тиісті дәрежелі дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберілді.

б) Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Dance-life» тақырыбында аула билері бойынша сырттай фестиваль (Астана қаласы, 18 ақпан – 23 мамыр). Фестиваль Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылды.

Мақсаты – балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу және дамыту, балалардың шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау, оларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке тарту.

Міндеттері:

жас ұрпақтың шығармашылық шеберліктерін насихаттау;

балалардың шығармашылығын насихаттау;

балалардың бос уақытындағы іс-әрекетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

фестивальға қатысушыларды жаңа шығармашылық жетістіктерге ынталандыру;

балалар арасында бейнеөнерді насихаттау;

дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету;

бейнероликтер арқылы балалардың бейне-көзқарасын және ерекшеліктерін ашу.

Сырттай өткен Фестивальға Қазақстан Республикасындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы 12 жастан 18 жасқа дейінгі білім алушылар қатысты. Байқауға жалпы **23** жұмыс түсті, оның ішінде 9 жұмыс фестивальдің талаптарына сәйкес емес. Байқауға 14 жұмыс жіберілді. Фестиваль «Бейнеролик (бейнеклип)» номинациясы бойынша жүргізілді.

Қатысушылардың жіберілген жұмыстарының ішінен:

«Халық билері» бидің бағыты бойынша

12-14 жастағы орта буын - 6 жұмыс;

15-17 жастағы жоғарғы буын - 1 жұмыс.

«Заманауи билері» бидің бағыты бойынша

12-14 жастағы орта буын - 5 жұмыс;

15-17 жастағы жоғарғы буын - 2 жұмыс.

Фестивальді ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Ақтөбе облыстарындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың байқауға жіберген жұмыстарының жоғары деңгейлігін атап өтті.

Фестиваль жеңімпаздары тиісті дәрежелі дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберілді.

7) Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында Республикалық «Алау» әскери-спорттық ойынының ұраны мен төс белгісін құрастыру бойынша интернет-байқау (Астана қаласы, 7 сәуір – 30 мамыр).

Байқаудың мақсаты: Ойынның ұранын көркем бағалау және төс белгінің графикалық бейнелеуін жүзеге асыру, ойдың мәтінді және бейнеленген түпнұсқасын құрастыру.

Міндеттері:

қатысушыларды шығармашылық елестетуге және көркемдікке дамыту; оларды сын көзбен ойлауға, өзіндік іздеуге және ұран, геральдика, әрленім, ұран, төс белгі бойынша терең ақпараттық талдауға дағдыландыру;

Ойын ұранын және төс белгіні құрастыру.

Интернет-байқауға Қазақстан Республикасындағы қосымша білім беру ұйымдарының және жалпы орта мектептердің 7-11 сынып білім алушылары қатысты. Интернет-байқауға жалпы 33 жұмыс түсті.

Байқауды ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы Қарағанды, Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай облыстарындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары білім алушыларының байқауға жіберген жұмыстарының жоғары деңгейлігін және Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, «Аудандық көркемсурет лицейі» оқушылары осы байқауға 8 жұмыс жіберіп, белсенді қатысқанын атап өтті.

Жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталды. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберілді.

4. БАҚ-қа мақалалар:

Барлығы **5** мақала әзірленді.

1) *«Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың республикалық слеті»* (мақала), «Бурабай» Ақмола облыстық газеті, 27.03.2014 – 4 б., бірлесіп жазған автор: С.Жанғожина. *(С.Д. Салбенбекова)*

2) *«Жазғы демалысқа дайындық»* (мақала), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті», 03.04.2014 – 3 б. *(С.Д. Салбенбекова)*

3) *«Жазғы сауықтыру лагерьлеріндегі балаларға арналған ойындар».* «Ребенок и право» (Бала және құқық) ғылыми-әдістемелік журналы, №1 (19) 2014 – 45-47 б. *(С.Д. Салбенбекова)*

4) *«Балаларды сауықтыру лагерьлеріндегі ойынтехникасы».* «Лидер плюс...» (Көсбасшы қосу...) Республикалық жастар газеті. №5 (102) мамыр, 2014 ж. *(С.Д. Салбенбекова)*

5) *«Не можно, а нужно!»*, лагерьдегі демалыс туралы мақала. «Лидер плюс...» (Көсбасшы қосу...) Республикалық жастар газеті. №5 (102) мамыр, 2014 ж. *(Р. Асавбаева, С.Салбенбекова).*